

ВАСИЛИЙ ЖИРОВ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛДЫНДА ҚАРЫЗДАР ЕМЕСПІН

АМЕРИКАДА ЖҮРГЕНІМЕ 20 ЖЫЛДАН АСТЫ. МҮНДА АДАМДАРДЫҢ САНА-СЕЗІМІН ӨЗГЕРТУГЕ, АДАМГЕРШІЛІГІН АРТТЫРУҒА ӨЗ ҮЛЕСІМДІ ҚОСЫП ЖҮРМІН. БІР КЕЗДЕРІ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛІП, ЖҰМЫС ІСТЕГІМ КЕЛДІ. АЛАЙДА МАҒАН ҚОЛАЙЛЫ ҰСЫНЫС ТҮСКЕН ЖОҚ. СОСЫН ЖАЙ ҒАНА КЕТІП ҚАЛДЫМ. СОНДЫҚТАН, ӨЗІМДІ ОТАН АЛДЫНДА ҚАРЫЗДАРМЫН ДЕП ЕСЕПТЕМЕЙМІН. ОНДАЙ СЕЗІМ ЖОҚ.

→8



ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№15 (5366)
30 сәуір 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

МАГОМЕД АДИБЕВ ДЕГЕН КІМ?



ОСЫ АПТАДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРЛІГІНЕ «ШАХТЕР» КЛУБЫНЫҢ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ МАГОМЕД АДИБЕВ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ ДЕГЕН АҚПАРАТ ШЫҚТЫ. «КЕНШІЛЕРДІҢ» БАС БАПКЕРІ ДЕ БҰЛ АҚПАРАТТЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРМАДЫ. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА БЕРГЕН СҰХБАТЫНДА АДИБЕВ ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫМЕН КЕЛІСІМ БОЛҒАНЫН, БІРАҚ ҚАЙ УАҚЫТТА ТАҒАЙЫНДАЙТЫНЫН АШЫП АЙТПАДЫ. ТІПТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫМЕН «ШАХТЕРДІҢ» ТІЗГІНІН ҚАТАР АЛЫП ЖҮРЕ МЕ, ОЛ ЖАҒЫН ДА БІЛМЕЙТІН БОЛЫП ШЫҚТЫ.

Адиев жаттықтыратын «Шахтер» 7-ші және 8-турда оңбай жеңілді. Екі ойында да гол соққан жоқ. Алдымен өз алаңында «Ақжайықты» қабылдап, 0:1 есебімен ұтылса, 8-турда «Каспийден» күйрей жеңілді – 0:4.

Ұлттық құраманы бұған дейін Андрей Карпович жаттықтырғаны белгілі. Ұлттар

лигасында Молдовадан айламызды асырсақ та, башшылыққа Карповичтің ойын өрнегі ұнамаған сынайлы. Тіпті жанкүйерлер арасында да Карповичтің қызметіне көңілі толмайтындар көп болды.


Магомед Адиев деген кім? Магомед Адиев 1977 жылы Чеченстанның Грозный қаласында дүниеге келген. Футболшы

ретінде «Анжи», ЦСКА, «Сокол», «Терек» сияқты клубтарда ойнаған. Тіпті 2005 жылы Нұр-Сұлтан (ол кезде Астана) «Жеңіс» командасында 11 ойын өткізген. Бірақ бір жыл да тұрақтамай, Грозныйдың «Терек» командасына ауысқан.

Адиев бапкерлік қызметін 2010 жылы «Нижний Новгород» командасында бастады. «Шахтерге» 2021 жылы сәуір айында келді. Оның алдында Ресейдің «Чайка» командасында жұмыс істеген.

Қазақстан құрамасының болашақ бас бапкері баптайтын «Шахтер» 7 ойыннан 10 ұпай жинап, турнир кестесінің тоғызыншы сатысында тұр.

Қазақстан чемпионатына байланысты мақаланы 5-беттен оқысыздар.



«Я КАЗАХ»

АЛЕКСАНДР БУБЛИК СДЕЛАЛ
ОТКРОВЕННОЕ ПРИЗНАНИЕ

ПЕРВАЯ РАКЕТКА КАЗАХСТАНА АЛЕКСАНДР БУБЛИК РАССКАЗАЛ О СВОИХ ПЕРСПЕКТИВАХ. РАНЕЕ ТЕННИСИСТ ИЗЛОЖИЛ СВОЕ МНЕНИЕ О РЕШЕНИИ ПО СМЕНЕ ГРАЖДАНСТВА И О ГРЯДУЩИХ ВОЗМОЖНОСТЯХ С НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМАНДОЙ.

«Я не хочу судить, правильно это или нет, но с удовольствием расскажу вам, что думаю по этому поводу. Это решение правительства и организаторов. Они имеют на это право. Для меня же спорт является определенным отвлечением от реальной жизни, поэтому, как по мне, спорт не должен слишком сильно смешиваться с политикой. Спорт нужен для того, чтобы расслабиться с пивом у телевизора и следить за любимым игроком или командой. Жаль фанатов, которые сейчас ограничивают в этом», рассказал казахстанец.

Напомним, что ранее что Ассоциации лаун-тенниса Великобритании (LTA) запретила Российским и Белорусским гражданам участвовать в Уимблдоне-2022 и других турнирах под своей эгидой.

«Российского паспорта у меня больше нет, потому что нельзя иметь два гражданства. Я не имею никакого отношения к Федерации тенниса России. Я казах, играю за эту страну почти шесть лет. Я горжусь тем, что представляю Казахстан в Кубке Дэвиса, на Азиатских или Олимпийских играх», цитирует слова Бублика Eurosport.de.

Сауле МЕНДЫКУЛОВА,
журналист,
специально для газеты «Қазақ Спорты»

ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ
14 МАМЫРДА ШЫҒАДЫ

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТКАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

Асқар ҚОЖАБЕРГЕНОВ:

30 ЖЫЛДА НЕБӘРІ ЕКІ-АҚ СТАДИОН САЛДЫҚ...

ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫНЫҢ АРДАГЕРІ АСҚАР ҚОЖАБЕРГЕНОВ ОТАНДЫҚ ФУТБОЛДЫҢ УЕФА-ДАҒЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АТАП ӨТТІ.

– Жиырма жыл ұзақ мерзім емес. Алайда осы жиырма жылдың ішінде Еуропа футбол қауымдастықтарының одағына қосылу дұрыс кадам екенін аңғардық. Мен Азияда ойнадым. Сол жылдары Азия футболы Еуропа сияқты қатты дамымаған еді. УЕФА-ға енгеннен кейін балалар футболын жақсартта бастадық. Алайда, атқаратын жұмыстар өте көп. Өйткені, Еуропаға енген сәттен біздің футбол қарыштап дамып, жеңістерге бірден жетеміз деп ойладық. Бұл онай жол емес еді. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін біздің елде қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізу керек болатын.

90-жылдары футбол үшін өте қиын болды. Көптеген футболшыларымыз бен бапкерлерімізден айырылып қалдық. УЕФА-ға енгеннен бастап футболдың жаңа лебін көре бастадық.

Бірінші кезекте футбол орталықтарын құру. Мұның бәрі көп еңбекті талап ететін жұмыс. Қазақстанды әлі де қыруар жұмыстар күтіп тұр. Бірінші кезекте – инфрақұрылым. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің мемлекет екі ғана стадион салды. Біздің елдің әлеуеті зор. Сол себепті болашақта ірі халықаралық жарыстарды қабылдау инфрақұрылым саласында үлкен серпіліс әкелері сөзсіз. Әрине, бізде ірі жеңістер болған жоқ. Ең негізгісі



– еурокубок турнирлерінің топтық кезеңдерінде ойнауға күшіміз жететінін көрсеттік. Әрине, көп тәжірибе мен көп қаражатты талап етеді.

Мәселен, Ресейде өткен әлем чемпионатында бірнеше стадион салынды, олардың барлығы бүгінде көршілеріміздің футболына қызмет атқарып жүр. Әзербайжан футболының деңгейі бізден алыс емес. Тереземіз тең десек болады. Алайда, олар инфрақұрылымның арқасында Еуропа чемпионаттарының матчтарын қабылдау құқығын ие болды. Қазақстан футбол федерациясының жаңа бастылығы ардагерлер және аймақтар үшін ашық екенін көрсетті. Бұл өте маңызды. Мандай термен келген еңбектің жемісін көретін уақыт та алыс емес деп ойлаймын.

ҚҰРАМА БОКСШЫЛАРЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫН ӨТКІЗІП ЖАТЫР

БОКСТАН ҚАЗАҚСТАН ЕРЛЕР ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНДАРЫН ӨТКІЗІП ЖАТЫР.



Былғары қолғап шеберлері 24 сәуір күні Алматы облысында орналасқан «Ақбұлақ» спорт базасында жаттығуды бастады. Аталған оқу-жаттығу жиыны Сағадат Нұрмағамбетовті еске алуға арналған бокстан ересектер арасындағы халықаралық турнирге дайындық болып саналады.

Айта кетерлігі, жаттығу жиыны 10 мамырға дейін жалғасады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН

ӨТЕТІН ЖАРЫСТАРДЫҢ КЕСТЕСІ АНЫҚТАЛДЫ

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН 2022 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА АРНАЛҒАН ЖАРЫСТАР КЕСТЕСІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.



- 1) 2005-2006 ж.т. жасөспірім ұл-қыздар арасындағы Спартакиада, 4-5 мамыр, Қарағанды қаласы;
- 2) 2005-2006 жылы туған ересектер мен қыздар арасындағы Қазақстан чемпионаты, 22-24 мамыр, Алматы қаласы;
- 3) 2007-2008 ж.т. жасөспірімдер мен ұлдар арасындағы Қазақстан чемпионаты, В.Н. Зыков еске алуға арналған Қазақстан кубогі, 26-28 мамыр, Алматы қаласы;
- 4) 2009 ж.т. және одан кіші ұлдар мен қыздар арасында төртсайыс бойынша Қазақстан чемпионаты, 3-5 маусым, Павлодар қаласы;
- 5) Жеңіл атлетикадан XXX Қазақстан чемпионаты, 9-11 маусым, Алматы қаласы;
- 6) Жеңіл атлетикадан халықаралық XXXI Qosanov Memorial турнирі, 25-26 маусым, Алматы қаласы;
- 7) 2003-2004 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты, 29 маусым – 1 шілде аралы, Алматы қаласы.

УЕФА БАСШЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ҚҰТТЫҚТАУ ХАТЫН ЖОЛДАДЫ



УЕФА ПРЕЗИДЕНТІ АЛЕКСАНДЕР ЧЕФЕРИН ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ӘДІЛЕТ БАРМЕНҚҰЛОВТЫ ФУТБОЛ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ЖИЫРМА ЖЫЛДА ЕЛІМІЗДІҢ ЕУРОПА ФУТБОЛЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БІР БӨЛІГІНЕ АЙНАЛҒАНЫН АТАП ӨТТІ.

– Бүгінгі атаулы күнмен құттықтай отыра, Қазақстан футбол федерациясының соңғы жиырма жылда Еуропа футболының маңызды бір бөлігіне айналғаны үшін алғыс білдіремін.

Қазақстан футбол федерациясы 2002 жылы УЕФА ұйымына қосылған сәттен бастап біздің құрлықтың құрметті мүшесіне айналды. Осы 20 жылдың ішінде Қазақстандағы футбол инфрақұрылымы UEFA NatTrick бағдарламасының қаржыландыруымен жүзеге асырылған бірнеше жобалардың арқасында айтарлықтай жақсарды. Соның басты айғағының бірі – Нұр-Сұлтанда салынған ұлттық көпсалалы футбол кешені.

Білім беру саласында біздің бағдарламаларымызды толық пайдаланып, футбол пирамидасы бойынша барлық табыстарға әсер ете бастағанын да байқаймыз. Олардың арасында бұқаралық, әйелдер, клубтық футбол, жаттықтырушылар корпусы және төрешілік бар. Осы табыстардың арасында айтарлықтай көзге түсетіндері бар. Мәселен, футболдан Қазақстан құрамасы нағыз әлем жұлдызына айналды. Жоспарланған стратегия дұрыс құру мен оны жүйелі жүзеге асыру арқылы федерация қызметінің өзге салалары да табысқа жете алатынына сенім мол. Сонымен қатар қазақстандық клубтар УЕФА жарысына тұрақты қатысып келеді. Чемпиондар лигасының 2015/16 жылғы маусымында топтық кезеңде төрт ойынды тең аяқтаған «Астананың» ерлігін ешкімнің есіне салудың қажеті жоқ. Олар сол маусымда «Бенфика» мен турнирдің финалына шыққан Мадридтің «Атлетикосына» ғана жол берді.

Футболдың басты ерекшелігі әрбір жанға армандауға мүмкіндік береді. Сіздің адалдығыңыздың арқасында миллиондаған балалар Қазақстанның жасыл алаңдарында өз армандарын орындап жүр. Қазақстан футболына ұзақ жылдар бойы табыс және жасыл алаңмен оның айналасында өркендеуді тілеймін. УЕФА әрқашан Қазақстан футбол федерациясының сенімді серіктесі болатынын ұдайы есте ұстарсыз, – деп жазылған Чевфериннің құттықтау хатында.

СЕМСЕРЛЕСУ

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА РАПИРА БОЙЫНША ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

БҰЛ КҮНДЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ СЕМСЕРЛЕСУДЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨТІП ЖАТЫР. ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА РАПИРА БОЙЫНША ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ.

Аталған санат бойынша Солтүстік Қазақстан облысының спортшысы София Ақтаева топ жарды. Шығысқазақстандық Күлжан Түсіпбекова екінші орынға жайғасты. Ал алматылықтар Камила Бекболат пен Виктория Зинова үшінші орынды өзара бөлісті.



СПОРТТЫҚ ҚҰЗҒА ӨРМЕЛЕУДЕН

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ

СПОРТТЫҚ ҚҰЗҒА ӨРМЕЛЕУДЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ОСЫ РЕТТЕ ЕЛ БІРІНШІЛІГІНДЕ ТОП ЖАРҒАН СПОРТШЫЛАР ТІЗІМІН ҰСЫНАМЫЗ.

«БОУЛДЕР»

Әйелдер:

- 1-орын – Маргарита Агамбаева, Алматы облысы.
- 2-орын – Тамара Ұлжабаева, Шымкент қ.
- 3-орын – Дарья Панфилова, Шымкент қ.



Ерлер:

- 1-орын – Алексей Панфилов, Шымкент қ.
- 2-орын – Артем Девяттериков, Алматы қ.
- 3-орын – Алексей Молчанов, Қарағанды облысы.

«ЖЫЛДАМДЫҚ»

Әйелдер:

- 1-орын – Тамара Ұлжабаева, Шымкент қ.
- 2-орын – Маргарита Агамбаева, Алматы облысы.
- 3-орын – Әсел Марленова, Нұр-Сұлтан қ.

Ерлер:

- 1-орын – Әмір Маймұратов, Нұр-Сұлтан қ.
- 2-орын – Матвей Есипов, Алматы қ.
- 3-орын – Валерий Сердюк, Шымкент қ.

«ҚИЫНДЫҚ»

Әйелдер:

- 1-орын – Маргарита Агамбаева, Алматы облысы.
- 2-орын – Тамара Ұлжабаева, Шымкент қ.
- 3-орын – Адаменко Виктория, Алматы қ.

Ерлер:

- 1-орын – Денис Жендинский, Алматы қ.
- 2-орын – Алексей Панфилов, Шымкент қ.
- 3-орын – Павел Грязнов, Алматы қ.

«КОССАЙЫС»

Әйелдер:

- 1 орын – Маргарита Агамбаева, Алматы облысы.
- 2 орын – Тамара Ұлжабаева, Шымкент қ.
- 3 орын – Виктория Адаменко, Алматы қ.

Ерлер:

- 1-орын – Алексей Панфилов, Шымкент қ.
- 2-орын – Артем Девяттериков, Алматы қ.
- 3-орын – Павел Грязнов, Алматы қ.

Командалық есепте Шымкент құрамасы көш бастады. Алматы қаласының құрамасы екінші орыннан көрінсе, Алматы облысы үздік үштікті түйіндегенін айта кетейік.


КОЛОМОЕЦ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

БҚАТУ-ДЫҢ «ЭКОНОМИКА, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ» ИНСТИТУТЫНЫҢ ДОЦЕНТІ, «ЖӘҢГІР ХАН» СПОРТ КЛУБЫНЫҢ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ НИКОЛАЙ КОЛОМОЕЦ ГІР КӨТЕРУДЕН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.

Ардагерлер арасында 85+ келі салмақ дәрежесінде сынға түскен спортшы 12 келілік екі гир тасын 72 рет көтеріп, таңдай қақтырды. Еске сала кетсек, гир спорты бойынша Азия чемпионаты 23 сәуірде Бурабайдың баурайындағы Щучинск қаласында басталған болатын.

Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ,

БҚАТУ медиа орталығының бас маманы



ТҰЯҚБАЕВТЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ТОП ЖАРДЫ

СОҢҒЫ КЕЗДЕ ӨЗГЕЛЕРДЕН ЕРЕКШЕЛЕУ ПЕНЧАК СИЛАТ ЖАУЫНГЕРЛІК СПОРТ ӨНЕРІ ЕЛІМІЗДЕ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ.

2017 жылы Ұлттық Олимпиада комитеті «Pencak Silat» қауымдастығының президенті Гаджи Гаджиевке, Пенчак Силат аты жауынгерлік спорт өнердің жаңа түрін тіркеу туралы сертификат тапсырған болатын. Содан бері бұл спорт түрімен елімізде мыңдаған болашақ чемпион шұғылданып келеді. Солардың қатарында елорданың жасөспірімдері де бар.

Жақында Нұр-Сұлтан қаласында жасөспірімдер арасында қалалық ашық біріншілік өтті. Оған қаланың әр ауданынан көптеген спортшы қатысты. Сол сында Жанат Тұяқбаевтың шәкірттері Әли Дипломбек, Адис Дипломбек және Әмина Сапабек бірінші орын алса, Санжар Тұяқбаев екінші болды. Ал үздік үштікті Саржар Сапабек қорытындылады.



ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ ЛАЙЫҚТЫ БАСТАМАСЫ



НЕМЕСЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БОЛАТ КЕРІМБЕКПЕН ӨҢІР ЖАСТАРЫНА АРНАЛҒАН «ӨМІРЛІК БАҒДАР» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ СҰХБАТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА: «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕНІМІЗ – ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҚТАҒЫ БЕЙНЕСІ. ӨЗ ЕЛІНІҢ ЕРТЕҢНЕ СЕНБЕГЕН ХАЛЫҚ МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРА АЛМАЙДЫ... БІЗ КЕЛЕШЕГІМІЗ КЕМЕЛ БОЛАРЫНА ЖӘНЕ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН ЖАСАЙ АЛАТЫНЫМЫЗҒА СЕНЕМІЗ. ӨРБІР АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ МҮЛТІКСІЗ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨЗАРА СЕНІМІНЕ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА САЯСИ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ. МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АШЫҚ ҚАБЫЛДАНАДЫ. ӨЙТКЕНІ МЕМЛЕКЕТ ӨР АЗАМАТТЫҢ ҮНІНЕ ҚҰЛАК АСАДЫ. АДАЛ ЕҢБЕК, ОЗЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ӨРДАЙЫМ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНАДЫ», ДЕДІ. ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ТАРИХИ НАУРЫЗ ЖОЛДАУЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНҒАНЫНА БІР АЙДАН АСТЫ. АЗ БА, КӨП ПЕ, ОЛ ЖАҒЫН ӨЗІҢІЗ БАҒАМДАЙ БЕРІҢІЗ. ШӨП БАСЫН СЫНДЫРМАЙ, АҢДЫСЫН АҢДЫП, ҚОЛ ҚҰСЫРЫП ОТЫРҒАНДАР ДА БАР... ДЕСЕК ТЕ ЖҰМЫС ІСТЕП, ҚОЛҒА АЛҒАН ӨРБІР ІСІНЕН НӘТИЖЕ КӨРІП, КӨПШІЛІККЕ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІП ЖҮРГЕН ІСКЕР АЗАМАТТАР ДА ЖЕТЕРЛІК. СОЛАРДЫҢ БІРІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БОЛАТ БАҚБЕРГЕНҰЛЫ КЕРІМБЕК ЕКЕНІН АШЫҚ АЙТҚАНЫМЫЗ ЖӨН. ОНЫҢ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА АЗАМАТЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ИГІЛІКТІ ІСТЕРІ КІМГЕ БОЛСА ДА ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚТАЙ.

– Облыстық ішкі саясаттың қоғамдағы асақарар еңбегі ұшан-теңіз. Оларды сақсақпен санап шығу да мүмкін емес. Әсіресе Жаңа Қазақстанның жаңа қоғамын қалыптастыру да ішкі саясаттың төл міндеті екенін жақсы білесіз. Осы ретте Ішкі саясат басқармасы мемлекеттік пен халық бірлігін қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмылдырып отыр. Сонмен қатар басқарма қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға, облыс тұрғындарының азаматтық белсенділігі мен әлеуметтік оң көзқарасын қалыптастыруға, азаматтық қоғам институттарын қолдау және дамытуға, аймақтық ақпараттық ауқымының бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, өңірдегі этносаралық және конфессияаралық қатынасты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

– **Атқарылатын жұмыстың кең ауқымы екенін байқап отырмыз. Десек те облыстағы қоғамдық ұйымдардың сандық көрсеткіштеріне тоқталып өтсеңіз.**

– Өңірде 105 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Этномәдени орталықтың саны 68 болса, 462 белсенді үкіметтік емес ұйым бар. Аймақта «Ардагерлер одағының» 10 қоғамдық бірлестігі, 15 салалық кәсіподақ ұйымы, 70 жастар бірлестігі, 193 бұқаралық ақпарат құралы, 644 діни бірлестік пен филиалдары, 6 саяси партияның филиалдары жұмыс істейді.

– Түсінікті. Әр саланың өзіне тән жетістіктері бары даусыз. Біз солардың ішінен жастар тақырыбын бөліп алсақ. Себебі болашақ жастардың қолында деп бекер айтылмаса керек. Бірақ дәл бүгінгі күнде жастарымыз туралы айтылған проблема өте көп. Ең негізгісі, жастарымыздың көпшілігі жұмыссыз екені де рас. Тіпті оқыған, дипломдары бар азаматтардың өзі екі қолға бір күрек ташпай жүргенін несіне жасырамыз. Осы тығырықтан қалай шығамыз, жолдары бар ма?

– Президентіміз өткен жылы Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында: «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс. Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы маңызды міндетті шешумен айналысуы керек. Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу оқымайды, жұмыс та істемейді. Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары. Бұл жағдайды түзету қажет», – деді.

Президент тапсырмасын шешу мақсатында облыстық Ішкі саясат, білім, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары бірлесіп, Алматы облысының «Азаматтық Альянсы» мен «Қоғамдық келісім» орталығының, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, журналистерді қатарымызға қоса отырып, «Өмірлік бағдар» атты жобаны

қолға алдық. Әрине балаларға кәсіби бағдар беруде білім басқармасы тарапынан да жұмыс жүргізіліп келді. Бірақ біз бұл жобаның жүйелі жүргізілгенін қаладық. Жалпы, баланың бойындағы қабілеттің қандай екендігін ұстаздан, ата-анадан артық ешкім білмейді. Сондықтан баламен сырласа отырып, оның ішкі жан-дүниесін жете танып, қандай мамандыққа бейімділігі барын анықтап, бағыт-бағдар беру қажет. Бір сөзбен айтқанда, қоғамда әркім өз ісімен айналысқаны жөн.

– **Президент айтқандай, қоғам болып Жаңа Қазақстанды құруға бет бұрдық. Аталған жоба еліміздің жаңашыл жастарын қалыптастыруға ықпалы бар ма?**

– Бұл Жаңа Қазақстанға тікелей қатысты. Жаңашыл Қазақстанды қалыптастыру үшін жаңаша ойлау керек. Жаңаша ойлау үшін біз көзқарасымызды өзгертуіміз қажет. Ал көзқарасты өзгертуіміз – ол сана. Сананы құрғақ сөзбен өзгерте алмайсыз. Оған әсер ететін білім, бағыт, жаңа ақпарат. Сондықтан біз кәсіби бағдар беру арқылы ауылдағы, қаладағы жастарды өмірге деген жаңа бағытқа, шынайылыққа бұрғымыз келеді.

– **Дұрыс екен. Осы ойларыңызды нақтылай түссеніз.**

– Облыс бойынша жастарға қанша мемлекеттік грант бөлінетіні, оның көп бөлігі қандай мамандыққа

бағытталатыны, ауылдық квота кімдерге берілетіні туралы ақпарат қолымызда бар. Атап айтар болсақ, биыл білім басқармасы тарапынан кәсіби бағдар бағытында қысқа мерзімдік курстан өтуге 2000 грант бөліп отыр. Аталған грант мектептен тыс жүрген жастарға арналған. Мұнда жастарымыз күнделікті өмірге қажетті аспаз, шаштараз, наубайханашы, көлік жөндеуші, слесарь, дәнекерлеуші сияқты мамандықтарды игеріп шығады. Олар оқу мерзімінде шөкіртақымен және жатақханамен қамтамасыз етіледі. Үш ай оқып, қолдарына белгілі бір мамандықтың сертификатын алған соң, жұмыссыз жүрген жастардың әрі қарай қоғамнан өз орындарын табатыны да анық. Қарап отырсаңыз, бұл арқылы мемлекет жастарға үлкен мүмкіндік жасап отыр. Осы сияқты Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы да жастар үшін 2500 грантты ұсынды. Мәселен, Ақсу қант зауытына 50 маман керек болса, кәсіпорын осыншама маманға сұраныс түсіреді. Білім басқармасы керекті қаражатты аударып, оларға керек маманды даярлап беруге мүмкіндік жасайды. Бұл жерде кәсіпорын да ұтады, мемлекет те тиісті мамандарды даярлап, жастарды жұмыспен қамтиды. Сонымен қатар облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының бұрыннан келе

жатқан «Бастау» деген бағдарламасы бар. Ол арқылы ауылдағы жастардың 500 мың теңге қайтарымсыз грант алуына, 1 миллион теңгеге кәсіп ашуына мүмкіндік қарастырылған. Мұны ауыл жастарының негізі біле бермейтіні де өкінішті. Яғни ақпаратты білмейтін адам бекерге сабылып жүріп, уақытын кетіреді. Түсіне білген адамға уақыттан бағалы дүние жоқ.

– **Үлкен істі бастаған екенсіңдер, қайырын берсін. Аты айтып тұрғандай «Өмірлік бағдар» жобасы қалай жүзеге асады, кімдер қамтылады?**

– Осы жоба арқылы өңір жастарын толық қамтуға тырысамыз. Облыста 754 мектеп болса, осының барлығына барып, 9, 10, 11-сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырамыз. Алдымен мектепте жалпы жиналыс өтеді. Одан соң әр баламен кездесіп, пікір алмасамыз. Сөйлесу барысында оның неге қабілеті барын байқап, болашақтағы мамандықты таңдауға көмектесеміз. Баланың өзімен сөйлескен соң, оның ата-анасымен кездесіп, пікір алмасамыз. Мәселен, баланың спортқа қабілеті болса, спорттық оқуларға жіберуге кеңес береміз. Спортшы болса ерте ел намысын қорғайтын чемпион болады немесе жаттықтырушы, ең аяғы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болатынын түсіндіреміз. Осылайша, ата-анаға да, балаға да өзара сөйлесу арқылы бағыт-бағдар береміз. Қолымыздағы бар ақпараттық нұсқауларды тапсырамыз. Біздің жоба төрт аудиторияны қамтиды. Бірінші, нысаналы аудитория – 9, 10, 11 сынып оқушылары, екінші, олардың ата-аналары, үшінші, мұғалімі, төртінші, ауылдағы мектептен тыс жұмыссыз жүрген жастар. Білім басқармасы арқылы жұмыссыз жүрген жастарды үш айлық курстарда оқытып, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы арқылы жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасаймыз. Кәсіпкерлік бағдарламасы арқылы грант алуға жол көрсетіміз, ауыл

шаруашылығы басқармасы арқылы субсидиялар берілетіні туралы ақпаратты жеткіземіз. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл ақпаратты ауыл халқына таратып, жастардың болашағына жол сілтейміз. Облыста жыл сайын мектеп бітірген жастардың 20 пайызы орын тауып жатса, 80 пайызы адасып жүргені де шындық. Сондықтан бұл көрсеткішті азайтуымыз қажет. Ең болмағанда 50/50 пайызға жеткізсек деген ойымыз бар. Өйткені өмірде адасқаннан жаман дүние жоқ. Ол жағын да зерттеп көрдік. Бала егер сүйікті мамандығымен айналыспаса, университетте оқыған уақыт зая кетеді. Ақылы бөлімде оқыса, ата-анасын шығынға бағырады. Ұнатпаған мамандығымен жұмыс істей алмайды. Ақыры жұмыссыздар санын көбейтеді. Жұмысы жоқ жас отбасын да құра алмайды. Кеш үйленеді. Мұның бәрі неге әкеледі? Қоғамда жұмыссыз, билікке өкпелеген адамдардың қатарының артуына, ажырасудың көбеюіне әкеледі. Демек мұның салдары көп. Барлық мәселенің бастауы десек те болады.

– **Жобаны қай уақытта қолға аласыздар?**

– Жобаны қағазға сызу бар да, оны іске асыру бар. Жобаның негізгі алаңы мектеп болады. «Бір ауыл, бір мектеп, бір күн» деген ұстаным бойынша жұмыс істейміз. Мысалы, Талдықорған, Қапшағай қалаларында мектеп көп. Сондықтан кесте бойынша жұмыс істеп, қаладағы барлық мектепті он күн ішінде толық қамтып өтеміз. Себебі бұл жерде бір емес, бірнеше топ жұмыс істейтін болады. Жобаны сәуір айында жүзеге асырмақшымыз. Жобаның бірінші кезеңі сәуір айында, екінші кезеңі қазан айында жүзеге асырылады. Демек біз жылына екі рет мектеп оқушыларына бағыт беріп отырамыз. Бұл жүйелі әрі кешенді түрде жалғасын табады. Ауылдарға кімдер барады дегенге келсек, Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері, колледждердің басшылары, оқытушылар, кәсіби бағдар беру бағытында жұмыс істейтін мамандар, еріктілер мен жергілікті жерлердегі тәжірибелі ұстаздары да кеңінен қамтылады. Әр ауданда үздік педагогтер бар. Зейнеттегі елге сыйлы ұстаздар да көп. Ол кісілер жастар алдында сенімді сөйлейді және бағыт беруге көмектесе алады. Кәсібімен белгілі нәтижеге жеткен кәсіпкерлерді ауыл жастарымен кездестіріп, еңбегін үлгі-өнеге ретінде насихаттасақ дейміз. Өйткені кез келген істе адам еңбек арқылы ғана нәтижеге жетеді. Сондықтан жоба жұмысына еңбек адамдарын да іске тартамыз. Мақсатымыз – тек бағыт-бағдар беріп қою емес, жастардың ой-өрісін кеңейтіп, көздерін ашу екенін де естен шығармаймыз. Жаңа қоғамның жастары қандай болу керектігін де түсіндіреміз.


Негізінен «Өмірлік бағдар» жобасы баланың өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік ашып, демеп жіберу, көмектесу, бағыт-бағдар беру үшін жасалып отыр. Алдағы уақытта бұл жоба сәтті іске асып жатса, өзге облыстарға үлгі ретінде таратсақ деген ойымыз бар. Осы алдымыздағы 20 мамырда Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті VII шақырылымдағы Парламент Сенатының негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Жаңа Қазақстан: жастар және жаңғыру» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтеді. Сонда Алматы облысының атынан осы «Өмірлік бағдар» жобасын ұсынбақпыз.

Облыста Ішкі саясат басқармасының бастамасымен дүниеге келген «Өмірлік бағдар» жобасы өз жұмысын сәтті бастады. Жастардың талабына қанат бітірген жобаның әр қадамына сәттілік тілейміз!

Өңгімелескен
Мәулетхан БАРСАҒАЗЫҰЛЫ,
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі



ШЫҒЫСТАҒЫ ДОДАДА КІМДЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ?



ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ ҚАЗАҚ ЕЛІ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕЛЕРДІ ЖИІ ӨТКІЗЕ БАСТАДЫ. ОҒАН МЫСАЛ ЖЕТІП ЖАТЫР. АСТАНАДА ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ, АЛМАТЫДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДАСЫ, КҮРЕС, ДЗЮДО, БОКСТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫ МЕН ӘЛЕМ КУБОГЫ САЙЫСТАРЫ ӨТТІ.

Бұл жарыстар Қазақ елінің атақ-даңқын шығарды. Алысқа бармай-ақ, шырайлы Шығыстың бас қаласы Өскеменде волейболдан клубтық командалар арасында қатарынан екі рет Азия чемпионаты өтті. Өкінішке қарай, медальға бір қадам жете алмай екеуінде де төртінші орынды қанағат тұтқан едік. Ал өткен жылы Өскеменнің «Алтай» командасы

айды аспанға шығарып, Азия чемпионы атанды. Енді, міне, қыздар арасындағы Азия чемпионаты Семейге келіп жетті. Семейліктердің қуанышында шек жоқ.

– Дүбірлі додаға бес елдің үздік деген алты командасы қатысуда. Олар: Иран мен Таиланд, Өзбекстан мен Қырғызстан өкілдері. Түрлі себептерге байланысты Жапония мен Кореяның мықтылары

Семейге келе алмады. Өсіресе Жапония мен Оңтүстік Кореяда пандемия өршіп тұр. Қазақстаннан екі команда – Өскеменнің «Алтай», Петропавлдың «Қуаныш» командалары бізге қуаныш сыйлар деген үміттеміз. Жарысқа мүкият дайындалдық. Келген қонақтарға жайлы орын, барлық жағдай жасалды. Қонақүйден жарыс өтетін спорт кешеніне автобус қатынайды, қала тұрғындарының алаңсыз кешенге жетуін Семей қаласының әкімі Бақытжан Баяхметов ойластырды, – деді осы дүбірлі доданы өткізуге көп еңбек сіңірген облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Досжан Уәлханов.

Азия чемпионатының ашылуы бес мың адамға арналған «Арена» спорт кешенінде өтіп, оны облыс әкімі Даниал Ахметов ашып, жиналғандарды құттықтады. Бұдан кейін Шығыстың үміт күттіретін «Алтай» командасы мен «Қуаныш» командасы дүбірлі доданы бастады. Тартысты өткен кездесуде еліміздің бес дүркін чемпионы «Алтай» 3:1 есебімен жеңіске жетті. Ал 26 сәуірде қызылжарлықтар Таиландтың мықты командасын 3:1 есебімен, кешкілік «Алтай» қырғыз командасын 3:0 есебімен ұтты.

Азия чемпионаты 30 сәуірде аяқталады.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақстанның құрметті спорт қайраткері»

СЕМЕЙ

ЕРБОЛ ҚОҢЫРАТОВ ҚАЙДА ЖҮР?

ДӘЛ ОСЫ САУАЛДЫ СПОРТ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ БІЗГЕ ЖИІ ҚОЯДЫ. ЖАҚЫНДА ЗАЙСАН АУДАНЫНДА ІССАПАРДА БОЛҒАНЫМЫЗДА КЕЗІНДЕ КҮРЕСПЕН ШҰҒЫЛДАНЫП, ОБЛЫСТЫҚ, АУДАНЫҚ ЖАРЫСТАРДА ЖҮЛДЕ ТЕРГЕН, ТАМАША ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТКЕН ҚҰЛМАҒАНБЕТ ХАСЕНОВ ОСЫ САУАЛДЫ ҚОЙҒАН ЕДІ.

...Ербол Азатбекұлы Қоңыратов. Бұл есім спорт десе елеңдей қалатын жанкүйерлерге жақсы таныс болса керек. Кезінде бозкілемде жасындай жаркылдаған Ербол республика біріншілігінде үш рет, Азия ойындарында бірнеше рет, халықаралық дүбірлі додаларда сан мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. Осыдан төрт жыл бұрын Ресейде өткен ардагерлер арасындағы әлем біріншілігінде алтыннан алқа тақты. Ербол соңғы төрт жылдан бері Өскемендегі «Спорт ойын түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» директоры болып қызмет атқарып жатыр. Жақында Ерболмен кездесіп, өзін жанкүйерлердің іздеп жатқаны жайлы айтқанымызда, ризашылығын білдірді.

– Мені іздегендерге мың алғыс айтамын. Спортты тастаған жоқпын, қазір де осы салада қызмет атқарып жатырмын. Өзім жайлы қысқаша айтарым, Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауылында 1983 жылдың 27 маусымында дүниеге келдім. Осы ауылдағы Илияс Жансүгіров атындағы орта мектепте оқып, күреске деген құштарлық Алматыдағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттан бір-ақ шығарды. Бұл мектептен талай Олимпиада, әлем чемпиондары шыққаны көпке мәлім болса керек, – деді Ербол Азатбекұлы.

Мектепті бітірген соң Ерболдың спорттағы даңғыл жолы басталды. Ол еңбек жолын Талдықорған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің инспектор іс-жүргізушісі болып бастап, бұдан кейін Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

– Қазір бізде 939 адам бар, оқушылардан тыс 38 жаттықтырушы қызмет етіп жатыр. Мектеп «Алтай» стадионында орналасқан. Мектепте шәкірттер спорттың 8 түрінен, атап айтқанда, футбол, баскетбол, волейбол, гандбол, регби, жеңіл атлетика және шайбалы хоккеймен айналысады. Футбол бөлімінің аға жаттықтырушысы Жандос Юсубалиев мектепте ұзақ жылдар жемісті қызмет атқаруда. Елена Холина, тағы басқалар көпшілік құрметіне бөленгендер. Бізден түлеп ұшқан шәкірттерімізді мақтан тұтамыз. Мәселен, Антон Малтұсынов мектепті бітірген соң футболда тамаша нәтиже көрсете бастады, ақыры оны Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсетуге шақырды. Бұл күндері ол бізде



бапкер.

Баскетбол, шайбалы хоккей бөліміндегі шәкірттеріміз де қалалық және облыстық жарыстарда сан мәрте жеңімпаз атанды. Мысалы, баскетболшыларымыз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Өскемен қаласының біріншілігінде екінші орын алса, волейболшы қыздар қала біріншілігінде жеңімпаз атанды. Өткен жылы 15 жастағы балғын хоккейшілер жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионатында екінші орынды иеленді. Үздік шәкірттерімізді әрдайым мақтан тұтамыз, оларға еліктеген балалар да алға ұмтылады. «Шахтер», «Ордабасы», «Астана», «Ақжайық», «Қайрат», «Жетісу», «Қызылжар» футбол командаларында өнер көрсеткен Аслан Жанұзақов, Станислав Лунин, Сергей Хижниченко, Вячеслав Эрбес, Михаил Габышев, Стас Павловка еліктеген жастарымыз күні ертең ел намысын қорғайтын мықты спортшылар болатынына көміл сенеміз.

«Алтай» стадионына 60 жылда асты. Бұдан екі жыл бұрын облыс және қала әкімдері Даниал Ахметов пен Жақсылық Омардың қамқорлығымен «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында стадионға күрделі жөндеу жүргізілді. Міне, содан бері балалар мен ересектер арасында жеңіл атлетика мен футболдан республикалық, облыстық, қалалық жарыстар «Алтай» стадионында тұрақты өтіп жатыр. Оның сыртында қыста бұл жерде конькимен сырғанауға болады, деп әңгімесін аяқтады мектеп директоры Ербол Қоңыратов.

Қазақ спортының өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген іскер азамат Ербол Азатбекұлына, оның ұжымына табыс тілеуден басқа айтарымыз жоқ.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТ МІНЕЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

ДҮНИЕНІҢ ТӨРТ БҰРЫШЫН ШАРЛАП, ТҰЛПАРЫНЫҢ ТҰЯҒЫ ДҮР ДЕНГЕРГЕ ҰЙҚЫ НӘРІН ТАТЫРМАҒАН ТҮРКІНІҢ БАЛАСЫНЫҢ МІНГЕНІ – ЖЫЛҚЫ, БАҚҚАНЫ – ҚОЙ, ІШКЕНІ АҚ ЕДІ. СОДАН БОЛАР, ЗАҢЫ ДА САХАРАНЫҢ ЗАҢЫНДАЙ ҚАТАЛ ДА, ӘДІЛ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗ ЖЕТКІЛІКТІ.

Қырандай шүйлігіп көкпар ілген, керіле шауып жақ тартқан, шандата шауып теңге ілген жауынгер халықтың қыз-жігіт болып ойнаған ойыны да қыз қуу болды. Осы тақылеттес ойын түрлерін меңгерген сарбаздарға дайындықтың өзі ойынмен пара-пар болар еді. Ол заман өтті, қазір сол ойындардың жұрнағы сайын даламыздың әр өңірінен қылаудай көрінеді. Урбандалған қоғамдағы тегінен ажырамай, салтын сақтап жүргендер де жеткілікті. Тіпті сондай қызығушылығы бар азды-көпті топты қолдап жүрген Ұлттық спорт қауымдастығы да жоқ емес.

Халықтың мәдениеті оның салты, асуы, шұғылданған кәсібі, ойнаған ойынынан тұрады. Ал мәдениет ауыспалы құбылыс. Оған Еуропаның «поло» деп жүргені біздің «шөген» екенін де мысал ете аламыз. Жә, бұл мақтанатын нәрсе емес. Егер біз сол шөгенді «атасын танытып тұрып» ойнасақ мақтанар едік. Қазірше оның иісі мұрнымызға да бармай тұр. Ақыл-ойды дамытатын тоғыз-құмалақ секілді ойындардан да алатын ғибрат зор. Символизм, миф, идеология,

дәстүр дегеннің бәрі осында жатыр. Мәселенің бірін айтып, біріне көшпей, айтар ойды жинақтасақ, қазақ ойынының бүкілі дерлік стратегия мен күшке құрылған. Шеткергі жұрттың мәдениетін меңгерген дұрыс, алайда біздің ішкі діліміз бен сыртқы тінімізге зарары тимеуі қажет. Бұл – талқылайтын мәселе емес.

Ұлттық рух нәзік те, қасиетті нәрсе. Жоғалтып я сөндіріп алсаң қайта жағу, әсте, оңай емес. Оңай еместігін бүгінгінің бедері байқағып-ақ отыр. Ұлттымыздың саны сан соғыстан емес, саналы тоқыратулардан тежелген. Оның алғы шарты да ұлттың рухын әлсірететін іс-қимылдардан тұрды. Астындағы жылқысы, алдындағы төрт түлігінен айырылған халық жаңағы мәрт мінез бен салқын ақылдан мүлдем жұрдай болары анық. Сондай бір сұркия саясат осыдан ғасыр бұрын күшіне еніп еді. Қара халықты малды байдан жерітіп, байлық пен беделден алшақ болуға үгіттеп, ұлттың саналы санынан айырып, қаймағын бұзды. Соның зардабын әлі тартып келеміз. Баламыз жүрежтегіш, жалтақ, жасымыз белсіз, жасық, егдеміз беделсіз болып барады.

Жылқыдан түскен жастардың «желі шығып» қалғаны өкірер жайттың бірі болып отыр. Мәселенің шешімі не десек, тұтас бір кешенді жаңғырту болмағы керек. Оның ішінде – ұлттық спорт. Ұлт мінезіне тән іс-қимылмен шұғылданғанда ғана ұлттың жоғалғаны табылып, делебесі қайта қожа бастары анық. Себебі қанша әлемдік спорт түрлерімен айналысса да, қан қазақша туламайды, жанкүйер де тақымды ұлттық спорттағыдай қыспайды. Содан болар ұлт мәселесіне ұйысар тұста, ұйытқымыздың ұйқы-тұйқысы шығып жүргені. Ендеше, жанды тірілейік, қанды қайта ақ білек бойында жүгіртейік. Қазақтың беделі басқа жұрттың алдында биік болуы үшін, әр бала өз Отанын сүйіп тұру үшін, ертенгі ер мінезділердің кішкентай жүрегіне Отан анасы сыйып тұру үшін, мінезіміз иіліп емес, алдына келгенді идіріп тұру үшін, біз бүгін бабаның амалына айналған – ұлт дағдысы, ұлт спортын жаңғыртайық! Бұл – қазақтың деген, осында өңдім, өстім деген әр жанның жадында жүруі керек ұран.

Сырым ҮСЕНБАЙ,
№87 Абай атындағы мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі

НҰР-СҰЛТАН

ТҮРКІСТАНДА ТРИАТЛОННАН ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ ӨТТІ



ТҮРКІСТАНДА ТРИАТЛОННАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АШЫҚ КУБОГЫ ӨТТІ. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН, ҚАЗАҚСТАН ТРИАТЛОН ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕКІ КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТА ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ.

Триатлон – бұл үш циклды спорт түрінен, яғни жүзу, велоспорт және жүгіруден тұратын спорт түрі. Жарысқа қатысушылар сайысты

Президент саябағындағы жасанды көлде жүзуден бастап, Б.Саттарханов даңғылымен велосипедпен жүріп өтті. Ары қарай «Olympic Center»



спорт кешеніне дейін жеткен велошабандоздар одан кейін жүгіруден жарысты.

Атап өтейік, триатлонның спринт түрінде 750 метрге жүзу, 20 шақырымға веложарыс және 5 шақырымға жүгіру нормасын орындауы керек.

Спортшылар төзімділігі шындалатын жарыста ұлдар арасында бірінші орынды Алматы қаласынан Ануар Тұрыбаев иеленсе, 2-орын Егор Крупняков

(Алматы қаласы), 3-орын Александр Тенге (Алматы қаласынан) бұйырды. Ал қыздар арасында 1-орынға Екатерина Шабалина шықса, (Нұр-Сұлтан қаласы), 2-орынды Юлия Озерова (Алматы қаласы), 3-орынды Дарья Быжкова (Қостанай) еншіледі.

Жеңімпаздарды облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов марапаттап, құттықтау сөз сөйледі.

«КАСПИЙ», «ОРДАБАСЫ», «ТАРАЗ»...

ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ 8-ТУРЫНАН КЕЙІН КӨШ БАСЫНДАҒЫ КОМАНДАЛАР АУЫСТЫ



ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ ОЙЫНДАРЫ ТҮР ӨТКЕН САЙЫН ҚЫЗА ТҮСУДЕ. ОСЫ АПТАДА КОМАНДАЛАР 7-8-ТУР ОЙЫНДАРЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ. БІР ҚЫЗЫҒЫ, АЛҒАШҚЫ АЛТЫ ОЙЫННЫҢ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП КЕЛЕ ТАПАҒАН «ҚАЙРАТ» ПЕН «ТОБЫЛ» КОМАНДАЛАРЫН 8-ТУРДАН КЕЙІН ҮЗДІК ҮШТІКТЕН ЖАТПАЙ ҚАЛДЫ. АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТЫ» ҚАТАРЫНАН ЕКІ ОЙЫНДА ЖЕҢІЛДІ. «ТОБЫЛ» МҮМКІН БОЛҒАН АЛТЫ ҰПАЙДЫҢ ТЕК БІРЕУІНЕ ҒАНА ИЕ БОЛДЫ. ДӘЛ ҚАЗІР ТУРНИР КЕСТЕСІНДЕ АҚТАУДЫҢ «КАСПИЙ» КЛУБЫ КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ. ОДАН КЕЙІНГІ ОРЫНДАРДА «ОРДАБАСЫ» МЕН «ТАРАЗ» ТҮР.

«ҚАЙРАТТАН» ҚАЙРАТ КЕТТІ

Құрбан Бердыев баптайтын Алматының «Қайраты» қатарынан екі ойында жеңіліп, турнир кестесінің алтыншы орнынан бір-ақ шықты. 7-турда Түркістанның «Тұран» командасын қабылдаған алматылықтар ойламаған жерден қонақтарға үш ұпай ұстатып қоя берді. «Тұран» алғашқы алты ойында қарсыластар қақпасына гол соқпаған Премьер-лигадағы жалғыз команда еді. Бірақ алматылықтармен болған ойында түркістандық аяқдопшылар барын салды. Ойын тағдырын 31-минутта Азат Нұрғалиевтің соққан голы шешті. Ол он бір метрлік айып добын мүлтіксіз орындады.

«Тұраннан» ұтылғаны аздай, Құрбан Бердыевтың шәкірттері 8-турда «Ордабасы» командасына жол берді. Шымкенттік команданы алға сүйреп жүрген тоғолық легионер Сердж Ньюадзи осы маусымдағы алтыншы голын соғып, мергендер көшінде көш бастады. 8 ойыннан 14 ұпай жинаған «Ордабасы» турнир кестесінің 2-сатысына көтерілді.

«АҒЫСЫ» ТОҚТАҒАН «ТОБЫЛ»

Маусымды жап-жақсы бастаған Қостанайдың «Тобылы» соңғы төрт ойын бойы жеңіске жете алмай келеді. 7-турда Александр

Москаленконың шәкірттері «Атырауға» жол берсе, 8-турда «Астанамен» болған ойында 1:1 есебімен тең түсті.

«ТАРАЗ» МУХАНОВТЫ ТАҒЫНАН ТАЙДЫРДЫ

8-турдан кейін Қазақстан премьер-лигасында тағы бір бас бапкердің тағы шайқалды. Былтыр шілде айында «Ақтөбеге» бас бапкер болып бекітілген Владимир Муханов қызметінен кетті.

Мухановтың кететіні биылғы маусым басталғанда-ақ белгілі болған еді. «Ақтөбелік» жанкүйерлердің жиі наразылығына ұшырап жүрген ресейлік маман «Таразбен» болған ойыннан кейін командадан кететінін мәлімдеді. Жергілікті жастардан жасақталған «Тараз» клубы легионерлерден құралған «Ақтөбені» аямады. Бұл ойында Абылайхан Жұмабек дубль авторы атанса, Жақып Қожамберді биылғы маусымдағы алғашқы голын соқты.

Владимир Мухановтың орнына бас бапкер тағайындалмады. Әзірге бұл қызметті уақытша Петр Бадло атқаруда.

ШАХМЕТОВ – 375

«Тараз» командасының жартылай қорғаушысы Марат Шахметов «Ақтөбемен» болған

ойында Қазақстан премьер-лигасындағы 375-ші ойынын өткізді. Ол бұл көрсеткіші арқылы ең көп ойын өткізген 20 футболшының қатарына қосылды.

Марат Премьер-лигадағы алғашқы ойынын 2006 жылы «Алматы» командасының сапында өткізді. Үш маусымда 55 ойынға шығып, 3 гол соқты. Одан кейін карьерасын «Астана» командасында жалғастырды. Елордалықтардың сапында 131 ойынға қатысты. Сонымен қатар Шахметов «Атырау», «Жетісу», «Ақжайық», «Шахтер», «Каспий» командаларында доп тепті. Былтыр ақтаулық командадан «Таразға» ауысып, күні бүгінге дейін 45 рет алаңға шықты.

ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНДА ЕҢ КӨП ОЙЫН ӨТКІЗГЕН ФУТБОЛШЫЛАР (ТОР-5, 1992-2022 Ж.)

№	Аты-жөні	Ойын саны
1	Нұрбол Жұмасқалиев	523
2	Азат Нұрғалиев	467
3	Серік Жейлетбаев	457
4	Самат Смаков	452
5	Максат Байжанов	449

7-8 ТУРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ:

«Атырау» (Атырау) – «Тобыл» (Қостанай) – 2:1

Гол соққандар: Филипович, 66 пен. (1:0), Сергеев, 77 (1:1), Филипович, 83 (2:1);

«Астана» (Нұр-Сұлтан) – «Каспий» (Ақтау) – 4:0

Гол соққандар: Влут, 14 (1:0), Влут, 27 (2:0), Эбонг, 42 (3:0), Томасов, 59 (4:0);

«Шахтер» (Қарағанды) – «Ақжайық» (Орал) – 0:1

Гол соққан: Имнадзе, 74 (0:1);

«Ақтөбе» (Ақтөбе) – «Мақтаарал» (Мақтаарал) – 1:0
Гол соққан: Маляров, 67;

«Ордабасы» (Шымкент) – «Қызылжар» (Петропавл) – 3:1
Гол соққандар: Ньюадзи, 12 (1:0), Бушман, 42 (1:1), Ньюадзи, 90 (3:1), Султанов, 90+3 (3:1);

«Қайрат» (Алматы) – «Тұран» (Түркістан) – 0:1
Гол соққан: Нұрғалиев, 31-пен (0:1);

«Ақсу» (Ақсу) – «Тараз» (Тараз) – 1:2
Гол соққандар: Дос Сантос, 10 (0:1), Какімов, 55 (1:1), Байтана, 90+2 (1:2)

«Ордабасы» (Шымкент) – «Қайрат» (Алматы) – 2:1
